

## Хаттама №5

Күні: 02.04.2022 ж

Қатысқаны:

Қатыспағаны:9

**Тақырыбы: «Мұғалімнің іс-әрекеті -бала тұлғасына жол»**

**Күн тәртібінде:**

1. №3 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы.
2. Оқушылардың 3-тоқсан бойынша білім сапасы мен үлгерімі.
3. Мұғалімнің кәсіби құзырлығы (Педагогтардың аттестациядан өту ережесіндегі өзгерістермен таныстыру )
4. Мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар деңгейі (Мұғалі мен оқушы моделі)
5. Комиссия құрамын бекіту туралы .
6. Ағымдағы мәселелер:
  1. 11-сынып оқушыларының «Алтын белгі» үміткерлердің талапқа сай болуы.
  2. 9-сынып оқушыларының үздік аттестатқа үмітке оқушылардың қазіргі деңгейі.
  3. 6-сынып оқушыларын 7-сыныпқа келгенде қысқартылған ТУП бойынша оқыту туралы .
  4. Республикалық форумға қатысқан мұғалімдерге алғыс жариялау.
  5. Мұғалімдер тарапынан кезекшілік кестесін құру (қоңырауға жауапты )

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе** бойынша сөз мектеп директоры А.А.Туркестанбаеваға берілді . №3 педагогикалық кеңестің бірінші жарты жылдықтың қорытындысы қанағаттанарлық деп қабылданған және келесі тоқсанда жалпы мектептің білім сапасын 62 %-ға жеткізу туралы ұсыныс бекітілгенін атап өтті және қазір 3-тоқсан мектептің жалпы білім сапасы қаншаға жеткізілгенін қарайтын боламыз.Екінші қаулы бойынша 1-ші жарты жылдықта есептелген штаттық қызметкерлердің есебі қанағаттанарлық деп қабылданған және 3-ші мәселе ағымдағы мәселелер .Ағымдағы мәселелерде қаралған мәселелер 1-ші еңбек дау мәселелері туындаған жағдайда сол мәселелерді шешуге комиссия мүшелерін тағайындалған болатын және ревакцинация бойынша уақыты келген ұстаздар ревакцинациядан өту міндеттелген болатындығын атап өтті.

**Екінші мәселе** бойынша сөз директор оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хакимжановаға және М.К.Кудабаеваға берілді .

Бастауыш сыныптар бойынша 3-тоқсан бойынша білім сапасы мен үлгерімі жөнінде Кудабаева М.К. таныстырып өтті.3-тоқсан басында 524-оқушы болды Оның ішінде келді 13-оқушы,кетті 6-оқушы . Тоқсан соңында 531-оқушы болды. Үздіктер саны-103, екпінділер-152. Жалпы бастауыш сыныптар бойынша білім сапасы-66 пайыз болғанын атап өтті.2-4 сыныптар бойынша барлық пәндер бойынша 2-тоқсанмен салыстырмалы білім сапасын көрсетті. Бастауыштар бойынша жалпы білім сапасы 1-тоқсан 59 пайыз, 2-тоқсан 62 пайыз, 3-тоқсан 66 пайызды көрсеткенін айтты.Білім сапасы түсіп тұрған сыныптар анықталып сынып жетекшісінен және пән мұғалімдерінен толық түсінік алынды . Кеткен оқушылар санына байланысты екені анықталды . Кейбір оқушылардың сабақтан көп қалғандықтан үшке түсіп тұрғаны анықталды .Ағылшын пәні мұғаліміне осы аталған оқушылармен қосымша жұмыс жасау тапсырылды .Ағылшын және орыс тілі пәндерінен 3 «А», 3 «Ә» сыныптары бақылауға алуға тапсырылды .

К.М. Хакимжанова 3-тоқсан қорытындысы бойынша 5-11 сыныптардың үлгерім мен білім сапасына талдау жасап,қортынды есеп береді. 3-тоқсан бойынша 5-сыныптарда -66 пайыз,6-сыныптарда 63 пайыз, 7-сыныптарда 44 пайыз, 8 сыныптарда 41 пайыз, 9-сыныптарда 39 пайыз.Жалпы 5-9 сынып орта буынды алған кезде орта буында 528 оқушы аяқтағанын оның 89-үздік, 188-оқу екпіндісі 52,4 пайызға аяқтап отырғанын айтты.Жоғарғы буындар бойынша10-11 сыныптарда 10-сыныптарда 48, 11-сыныптарда 49-оқушымен аяқтап отырғанын. Екі сыныпта 10-11 сыныптар бойынша 20 оқу үздігі, 38 -оқу екпіндісі бар екенін атап өтті. Жалпы 10-11 сыныптар 60 пайызбен аяқтап отыр.Жалпы мектеп бойынша 2-11 сыныптар бойынша 1011 бала аяқтап отыр.Оның 212-сі үздік, 378 -і оқу екпіндісі.2-11 сынып бойынша 3-тоқсанда 58,4 пайыз білім сапасымен аяқтағанын атап өтті, және сыныптар бойынша жеке -жеке пәндер бойынша білім сапасына тоқталып өтті. Өр сенбі сайын 9-11 сыныптарды емтиханға дайындық жұмысын жүргізу керектігі айтылды.

**Үшінші мәселе** бойынша сөз директордың бейіндік оқыту ісі жөніндегі орынбасары А.Е.Абдрахманова берілді . Биылғы оқу жылында мұғалімдерді аттестациядан өткізу кезіндегі өзгерістермен таныстырып өтті. «Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытуды ,бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқада азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»

ҚР БҒМ 2016 жылғы 27-қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы қағидаларымен таныстырып өтті. Бұл педагогтар бойынша тағыда айта кететін мәселе директордың орынбасарларына да санаттар беріп қойған , егер үшінші біліктілікті санатты орынбасар болса оны басшы ұйымдастырушы болады екен. Екінші біліктілікті санатты басшы менеджер, бірінші біліктілікті санатты көшбасшы болады . Директордың орынбасарлары тестілеуге бармайды тек портфолиосын апарады .

**Төртінші мәселе** бойынша сөз мектеп директоры А.А.Туркестанбаеваға берілді.Мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар деңгейі (Мұғалім мен оқушы моделі ) жөнінде қысқаша баяндама оқу арқылы таныстырды. Ұстаз моделі деген қандай болу керек ,оған жету үшін ұстаз қалай еңбек ету керек деген мәселелер бойынша айтылды ,және де Республикалық форумға қатысқан ұстаздардың ұжымдық жұмысы бойынша таныстырып өтті.

**Бесінші мәселе бойынша** .Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумына комиссия құрамы төмендегідей тізімде құрылсын.

Комиссия төрайымы, мектеп директоры : А.А. Туркестанбаева:

**Комиссия мүшелері:**

- ДОІЖО-К.М.Хакимжанова;
- ДТІЖО-У.Т.Ишмухаммедова;
- Педагог психолог-Ұ.Қуан;
- Педагог психолог-Н.Б.Ташетова;
- Педагог психолог-Б.А.Болатхан;
- Әлеуметтік педагог-Ж.Б.Базылханова;
- Мектеп медбике-А.З.Рахимбекова;

- Сынып жетекшілер;
- Ата-аналар.

#### **Ағымдағы мәселелер :**

**Бірінші мәселе** 11 сынып оқушыларының «Алтын белгі» үміткерлердің талапқа сай болуы.Сөз 11-сынып жетекшілеріне берілді . Сынып жетекшілердің айтуы бойынша 11 «А» сыныбында 4-оқушы алтын белгіге үміткер .11 «Ә» сыныбы бойынша 4-оқушы алтын белгіге үміткер . Екі сынып бойынша 8-оқушы алтын белгіге ұсынылып отыр.

**Екінші мәселе** 9-сынып оқушыларының үздік аттестатқа үміткер оқушылардың қазіргі деңгейі жөнінде сөз 9-сынып жетекшілеріне берілді . 9 «А» сынып бойынша 3-оқушы үздік. 9 «Ә» сынып бойынша 3-оқушы үздік . 9 «Б» сынып бойынша 1-оқушы үздік екені айтылды .

**Үшінші мәселе** 6-сынып оқушыларының 7-сыныпқа келгенде ТИП бойынша оқыту жоспарындағы өзгерістермен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хакимжанова таныстырып өтті.Бұл ТИП тік жоспар жаңартылған үлгіде болады одан кейін қысқартылған ТИП тік жоспар болады .ТИП тік жоспардың ерекшелігімен таныстырды . Бұл жалпы 7 сыныптардан басталады 7-8-9 сыныптарда бірақ біз барлық сыныпты емес,өйткені барлық сыныпты таңдау пәні бойынша бәле алмаймыз .Сондықтан биылғы жылы тек 7 -сыныптарды алып отырмыз ,келесі 2022-2023 жылғы оқу жылына. Бұл жерде пән таңдау бойынша оқытылады .

**Төртінші мәселе** Республикалық форумға қатысып өз тәжірибелерімен бөлісіп келген ұстаздарға педагогикалық кеңестің хаттамасы негізінде бір ауыздан келісім бойынша аталған ұстаздардың еңбек кітапшаларына алғыс жарияланатынын айтты.

#### **Тарих пәні бірлестігі бойынша.**

- 1.Ташетова Н.Б
- 2.Бахытхан О
- 3.Айқынбаева М.М.
- 4.Қадырбаева Б.К.

**Ағылшын тілі бірлестігі бойынша.**

1. Дүйсеманова У.Ж.
2. Болатхан Ә.
3. Бақытнұр Ә.

**Қазақ тілі бірлестігі бойынша**

1. Хусайн Қ.

**Математика информатика бірлестігі бойынша**

1. Камышова Р.Ж.
2. Сыздыкова А.К.

**Эстетикалық пәндер бірлестігі бойынша.**

1. Койшыбаева Б.К.

**Орыс тілі бірлестігі бойынша.**

1. Абилсейтова Б.К.
2. Сарсенбаева М.К.
3. Мажитова Д.У.
4. Пешкенова А.Т.
5. Сулейменова Г.Е.

**Жаратылыстану бірлестігі бойынша.**

1. Мұратхан А.
2. Темирбекова М.А.
3. Сейтказиева А.М.

**Бастауыш сынып бірлестігі бойынша .**

1. Шахатова Б.А.

2. Байгаскинова К.З.
3. Кудабаева М.К.
4. Жуманова А.Н.

**Әкімшілік құрамынан.**

1. Хақимжанова К.М.
2. Қасымова А.Қ.

**Бесінші мәселе** А.А.Туркестанбаева мұғалімдер тарапынан кезекшілік кестесін құру (қоңырауға жауапты) керектігі жөнінде айтты. 2022 жылдың 1-ші наурызынан бастап бізде мектепте күзетші деген штат жоқ, біз мектепті толықтай жеке күзет фирмасына тапсырылғанын айтты. Ендігі жерде мұғалімдердің келісімімен оқу жылының аяғына дейін қоңырауды соғатын бос ұстаздар керек екендігі айтылды. Бос болғандықтан 1 ауысымға екінші ауысымда жұмыс жасайтын ұстаздарды, екінші ауысымға бірінші ауысымда жұмыс жасайтын ұстаздарды қоятындығы айтылды.

**Қаулы:**

1. Педагогикалық кеңестің қорытындысы бойынша 3 тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасы қанағаттанарлық деп қабылдансын.
2. Мұғалімдердің кәсіби құзырлығы бойынша аттестациядан өту ережесіндегі өзгерістерімен таныстыру жұмысы жалғасын тапсын. Аттестациядан өтетін ұстаздардың тізімі жасалынсын.
3. Мұғалімдердің тұлғасына қойылатын талаптар деңгейіндегі баяндама негізінде жұмыс жалғасын тапсын.
4. 02.04.2022 ж. №4 педагогикалық кеңесінің шешіміне сәйкес, педагогикалық-медициналық-педагогикалық консилиумына комиссия құрамының құрылуын бақылау мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Б. Базылхановаға жүктелсін.

Ағымдағы мәселе бойынша :

1. 9-11 сынып оқушыларының алтын белгіге және үздік аттестатқа ие оқушылардың білім сапасы қадағалауға алынсын. Тоқсандық және жылдық бағалары төмендемесін, сынып жетекшілеріне тікелей бақылауға алынсын.
2. Мұғалімдер тарапынан кезекшілік кестесі бекітілсін .
3. 6-сынып оқушыларының ТИП тік оқу жоспары бойынша алдағы уақытта сәуір және мамыр айларында оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу мектеп әкімшілігіне және сынып жетекшілеріне тапсырылсын.
4. Республикалық форумға қатысқан ұстаздардың педагогикалық кеңес бойынша аталған ұстаздардың тізімі жасалынып еңбек кітапшаларына алғыс жариялансын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Мектеп директоры:

Хатшы:

*А.А.Туркестанбаева*



А.А.Туркестанбаева

А.Т. Берлибекова